



Алматы, 2015 жылғы 17 тамыз

ЦентрКредит Банкінің баспасөз қызметі: ЦКБ-нің Астана қаласындағы филиалы қалыпты жағдайда жұмыс істеп жатыр, клиенттердің жинақталған қаражатына қауіп төнген жоқ.

ЦентрКредит Банкінің баспасөз қызметі банктің Астана қаласындағы филиалы қызметкерінің жеке қаражатының жоғалуы банк филиалының қалыпты жағдайда жұмысын жалғастыруына кедергі жасамағанын хабарлайды және клиенттердің жинақталған қаражатына ешқандай қауіп төнбегенін мәлімдейді.

Төтенше оқиға орын алған жерде астаналық ІІД-нің жедел тергеу тобы тергеу жұмыстарын жүргізуде.

2015 жылғы 17 тамызда ЦентрКредит Банкінің Астана қаласындағы филиалының техникалық жайында ЦКБ қызметкерінің жеке қаражатының жоғалғаны анықталды.

– Біздің шаруашылық істері жөніндегі қызметкеріміз ата-анасының үйін сатқаннан түскен қаражатты филиалдың техникалық жайында орналасқан жұмыс орнындағы сейфте қалдырған, бұл жай құнды заттарды сақтауға арналмаған. Аталмыш қызметкер 2015 жылғы 17 тамызда жұмыс орнына келгенде қаражатының жоғалғанын білген соң, полицияға хабарласқан, – деп мәлімдеді ЦКБ-нің Баспасөз хатшысы Асель Дурбаева. Сонымен қатар ол өз әріптесінің құнды заттарды сақтайтын орынды таңдаған кезде сақ болмағанын және жаңсақ қимылдағанын атап өтті.

Төтенше оқиға болған жерде Астана қаласының ІІД-нің жедел тергеу тобы өз жұмыстарын атқаруда. Банктің мүлкі мен қоймалары зақымданбаған, зардап шеккендер жоқ. Тергеу құпиясын сақтау мақсатында қалған ақпарат жарияланбайды.

– Біздің Астана қаласындағы филиалымыз клиенттерден келіп түсіп жатқан барлық сұраныстарды қанағаттандыра отырып, қалыпты жағдайда жұмыс істеуде, – деп атап өтті Асель Дурбаева.